

Қамақоршылық кеңесінің отырысы

Қатысқандар саны: 8

26.01.2019ж

Қатыспағандар саны: 1

Күн тәртібінде:

1. Кәмелет жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау.
3. Білім беру ұйымдарында басшыларды тағайындауда қамқоршылық кеңестің рөлі

Тыңдалынды

I мәселе бойынша Жонысова Ш.Ж - қамқоршылық кеңес төрайымы. Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршаңызға белгілі. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын ескертті. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белең алуда екенін, кикілжіңі, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін мектебіміздің оқушыларын ІБ мамандарымен жиі кездесулер жасап, әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстыру керектігін айтты.


II мәселе бойынша Ермағанбетова Г - қамқоршылық кеңес мүшесі. Білім және Ғылым министрлігінің "Педагог тәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобалары әзірленді. Бүгінгі таңда БАҚ, әлеуметтік желілерде, мұғалімдер ұжымдарында заң жобасы белсенді түрде талқылануда. Сол сияқты осы жобаны мектебіміздің кеңестерінде талқылап ұстаздарымыздың пікірін әлеуметтік желілерде жариялау керек екендігі айтылып ұсыныс тасталды.

III мәселе бойынша Дармышова . -қамқоршылық кеңес мүшесі. Қамқоршылық кеңес ұйымдастырушылық-құқықтық формасы білім беруді басқару, қаржы тарту және мектептердің қаржы-шаруашылық қызметін бақылау туралы айтылды. Қамқоршылық кеңес- қоғамның білім беру саласын басқаруға қатысу формаларының бірі.

Шешім:


1. Бірінші мәселе бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ІБ мамандарымен кездесулерді арттыру, Әкенің мектеппен бада тәрбиесіндегі жұмыстарын жандандыру.
2. Педагог мәртебесі туралы Заң жобасын мектеп кеңестерінде талқыланып, педагогтар өз пікірлерін білдірсін.
3. Бос беру ұйымдарының басшыларын тағайындауда қамқоршылық кеңестің рөлі ескерілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



Жонысова Ш.Ж.

Хатшы:



Сағынтаева F